

Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту болімі мемлекеттік мекемесі
«Алтын сақ» бөбекжай – балабақшасы» МКҚК

“Бауырсақ” ертегіci



Тәрбиеші: Сейдуалиева Г. Б.

2022-2023 оқу жылы

Такырыбы:«Бауырсақ» ертегісі.

Мақсаты: Балалардың ертегіге қызығушылығын ояту ойын еркін жеткізуге баулу, ертегі кейіпкерлерін рольдерге бөліп сахналау, қиялышты шындау. Бауырсақ ертегісінің қойылымын көрсету арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру. Балаларды кішіпейілділікке, мейірімділікке өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуга, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: көрсету, түсінік беру, сахналау, сұрақ-жаяуп.

Көрnekілігі: ертегі кейіпкерлер; шал, кемпір, бауырсақ, қоян, қасқыр, аю, тұлкі, декарация

Шаттық шенбері:

Бала бала баламыз

Бақшамызға барамыз

Күні бойы қызыққа

Батамыз да қаламыз.



Балалар бүгін ерекше күн, бізге көптеген апайлар қонаққа келіпті, қонақтармен амандасадайық.

-Сәлеметсіздерме

Тәрбиеші; балалар сандер ертегі жақсы көресіндер ме?

әтken ертегілерімізді есімізге түсірейікші. Балалар біз қандай ертегілер білеміз.

-Бауырсақ, Жеті лақ пен қасқыр, Қызыл телпек, Бай мен Алдаркөсе, Үш аю, Шалқан.

-Жарайсындар балалар

Балалар қазақ халқында ертегілер қалай басталады?

Дұрыс айтасындар: Ерте, ерте ертеде деп басталады.

Мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.

Қып-қызыл болып піседі,

Күнгө ұқсас пішіні.

«Бауырсақ»:

-Ал балалар біз көзімізді жұмып, ертегілер еліне саяхатқа шыгайық.
«Бауырсақ» ертегісін сахналаймыз.

Тәрбиеші: Ерте, ерте, ертеде,

Ешкі жұні бөртеде.

Сол бір гажап өлкеде,

Тәрбиеші: - Бір әже мен ата болыпты. Бірде ата әжеге:

Шал: - Кемпір-ау, маган бауырсақ пісіріп берсеңші

Кемпір: - Неден пісірейін? Ұн жоқ қой

Шал: - Эй, кемпірім-ай! Қойманың түбін қырнап көрсөн гой бауырсақтық ұн табылып қалар.



Тәрбиеші: Әжей қойма түбін қырып-қырнап екі уыс ұн табады да, қаймаққа шылап, қамыр илеп, бауырсақты майға пісіріп, терезе алдына сүйтқалы қояды. Жата-жата жалықтан бауырсақ терезе алдынан үйдің іргесіне домалап түседі, іргеден көгал үстіне домалайды, көгалдан жылжып жолға жетеді. Одан әрі жолмен зырлай жөнеледі. Бауырсақ жолда зымырап бара жатса, қарсы алдынан қоян шыға келеді.

Қоян: - Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын!

Бауырсақ: - Жоқ, сен мені жемеші, мен саған өлең айтып берем,

Мен атамнан да қаштым,

Мен апамнан да қаштым.

Сенен де қашып кетемін, депті

Тәрбиеші: - Бауырсақ жалғыз аяқ жолмен келе жатса, оның алдынан қасқыр шыға келіп:

Қасқыр: - Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеймін

Бауырсақ: - Сен мені жеме, мен саган өлең айтып берейін

Мен атамнан да қаштым,

Апамнан да қаштым.

Қояннан да қаштым

Қасқыр сенен де қашып кетемін-деп

Тәрбиеші: - Бауырсақ орман ішімен домалап келе жатса оған аю шығады.

Аю: - Әй, бауырсақ! Мен сені жеймін.

Бауырсақ: - Сен мені жеме, мен саган өлең айтып берейін.

Мен атамнан да қаштым,

Апамнан да қаштым.

Қояннан да қаштым,

Қасқырдан да қаштым.

Аю сенен де қашып кетемін-деп

Тәрбиеші: - Осылай бауырсақ әрі қарай домалай жөнеледі. Алдынан тұлкі шығады.

Тұлкі: - Амансың ба, бауырсақ! Мен сені жеймін

Бауырсақ: Мені жемеші мен саган өлең айтып беремін.

Мен атамнан қаштым,

Апамнан да қаштым.

Қояннан да қаштым,

Қасқырдан да қаштым.

Аюдан да қаштым,

Тұлкі. Мен сен жемеймін Әнің қандай тамаша. Сен қандай

ақылдысын, алғырысын. Орманда саған жалғыз жүрге болмайды. Сен үйге қайт күтіп

Тәрбиеші: Бауырсақ мақтағанға мәз болып үйіне қайтады. Бауырсақтың келгеніне ата мен әже қатты қуанады. Ертегі бұл ертегі, Фажап сырлар шертеді деп ертегіміз соңына да жетіпті. Балалар енді біз бақшамызға оралайық Орманды аралап шаршап қалдық Бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті.

Қоян болып секірейік,

Аю болып терең тыныс алайық.

Қасқыр болып ырылдайық,

Тұлкі болып бұланаңдайық

Қорытындылау: - Балалар ертегі сендерге ұнады ма?

Балаларға сұрақ: Балалар, бауырсақ неден жасалады? (Ұннан)

Ұн неден алынады? (Бидайдан)

Бауырсақтың түсі қандай? (Сары)

Бауырсақтың пішіні қандай? (Домалак, шенбер)

Бауырсақты кім пісірді? (Апа)

- Ал, енді балалар, ертегідегі кейіпкерлерді еске түсіріп рет-ретімен айтып беріндер.

Жарайсындар балалар қонақтармен қоштасайық Сау болыңыздар.



Ата –Омар
Әже-Дана
Бауырсақ –Айзере
Аю-Әділ
Қоян-Айару
Қасқыр-Мұхамеджан
Тұлкі- Нұрай